

**Железин ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі N 103/4 "Ауданның жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік төлемдерді көрсету туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 10 қазандағы N 326 /10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 04 қарашада N 12-6-122 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 22 мамырдағы N 194/5 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2012.05.22 N 194/5 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14)-тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Железин ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі N 103/4 "Ауданның жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік төлемдерді көрсету туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-6-86 болып тіркелген, 2010 жылғы 3 сәуірдегі аудандық "Родные просторы" N 14 газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

**2 - т а р м а қ т а :**

1)-тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
"деректі шығындар мөлшерінде электр жылуын орнату үшін бір жолғы  
**м а т е р и а л д ы қ** **к ө м е к ; "** ;

34)-тармақшадағы "22000" деген сандар "28200" деген сандармен  
**а у ы с т ы р ы л с ы н ;**

3-тармақтың 1)-тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
"шығыстар сметасы мен атқарылған жұмыстар актісі;".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына (Кималиденов Қ.Б.) жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* **Ж. Шугаев**

